ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қысқаша шешім)

2026 жылғы 02 ақпан №7119-26-00-2/538 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қонаев қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жылу Орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Innovation Engineering Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қонаев қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жылу Орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Innovation Engineering Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Innovation Engineering Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Innovation Engineering Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Қонаев қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жылу Орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 221 100 (екі

Документ подписан: Нұрғалиева Ж. Д., 02.02.2026
Дата вступления в законную силу: 10.03.2026, судья Нұрғалиева Ж. Д., 10.03.2026
7119-26-3-1/122

жүз жиырма бір мың бір жүз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 6 633 (алты мың алты жүз отыз үш) мемлекеттік баж өндірілсін.

«Innovation Engineering Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья

Ж.Ж.Нұрғалиева

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 02.02.2026

Дата вступления в законную силу: 10.03.2026, судья Нургалиева Ж. Д., 10.03.2026